

«Аманат» Сақтандыру компаниясы» Азаматтық қоғамы

___.___.20__ж.
Директорлар Кеңесі Шешімімен
Бекітілген
№_ Хаттама



Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері

Алматы қ., 2018 ж.

Мазмұны

| | |
|--|----|
| 1. Жалпы ережелер | 2 |
| 2. Сақтандыру объектілерінің тізімі | 4 |
| 3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы | 4 |
| 4. Сақтандыру жағдайларының тізімі | 5 |
| 5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері | 5 |
| 6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны | 6 |
| 7. Шарттың бекітілу тәртібі | 6 |
| 8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері | 9 |
| 9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері | 11 |
| 10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі | 12 |
| 11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары | 12 |
| 12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері | 13 |
| 13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері | 13 |
| 14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары | 13 |
| 15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері | 14 |
| 16. Қосымша шарттар | 14 |

1. Жалпы ережелер

1. Міндетті экологиялық сақтандырудың осы ережелері (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережеге сәйкес «Amanat» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Сақтандырушы) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалармен міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасасады.
3. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) жәбірленуші - қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлға;
 - 2) қоршаған ортаның апаттық ластануы - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариялардан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға тастау немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластаушы заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе электромагниттік, температуралық әсер, жарықтың әсері немесе сол уақыт үшін жол берілетін деңгейден асатын өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету болып табылатын қоршаған ортаның кенеттен абайсызда ластануы;
 - 3) міндетті экологиялық сақтандыру - қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басталуы кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (сақтандырушылардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені;
 - 4) міндетті экологиялық сақтандыру шарты – Заңмен айқындалатын талаптарда сақтандырушы мен сақтанушының арасында жасасатын шарт;
 - 5) пайда алушы - Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 6) сақтандыру жағдайы - басталуына орай міндетті экологиялық сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 7) сақтандыру омбудсманы - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 8) сақтандыру сомасы - міндетті экологиялық сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 9) сақтандыру сыйлықақысы - Сақтандырушы міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттеме қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 10) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 11) сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған

кезде Пайда алушыға шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;

12) сақтандырылушы - өзіне қатысты міндетті экологиялық сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

13) сақтанушы - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын, Сақтандырушымен міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқан жеке және (немесе) заңды тұлға;

14) үшінші тұлғалар - міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімге тартылған және мүдделеріне нұқсан келтірілген құқық қатынастары субъектілері;

15) уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

16) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке (немесе) заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген, қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірген зиянын өтеу міндеті;

17) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі - әрекеті нәтижесінде қоршаған орта апаттық ластанатын немесе ластануы мүмкін болатын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі.

2. Сақтандыру объектілерінің тізімі

4. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірген зиянын өтеу міндетімен байланысты мүліктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті экологиялық сақтандыруға жатады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы

5. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл орайда сақтандыру сомасының мөлшері:

1) жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен Сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

2) заңды тұлғамен Сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 65000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен;

3) егер міндетті экологиялық сақтандыру шарты қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бөлігінде ғана жасалса, Сақтандыру шарты жасалған күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық

бюджет туралы заңда белгіленген 17000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.

6. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл орайда сақтандыру төлемінің мөлшері:
 - 1) Ереженің 6 бөлімінің 1, 2- тармақтарында көзделген жағдайларда Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,76-дан 2,65-ке дейінгі пайызынан;
 - 2) Ереженің 6 бөлімінің 3-тармағында көзделген жағдайларда Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 0,59-дан 2,05-ке дейінгі пайызынан аспауға тиіс.
8. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері Сақтандыру шартымен белгіленеді.
9. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
10. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

4. Сақтандыру жағдайларының тізімі

11. Қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу жөніндегі сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.
12. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ өзіне келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға тиесілі.
13. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру жағдайы Сақтанушыға келтірілген зиянды өтеу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен басталды деп саналады.

5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

14. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:
 - 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.
15. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:
 - 1) Сақтанушының зиян келтіруге кінәлі тұлғадан зиянның тиісті өтемін алуы;
 - 2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

- 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 4) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
 - 5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруіне және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауына Сақтандырушының кедергі келтіруі;
 - 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды оған беруден бас тартуы негіз болуы мүмкін. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.
16. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер бұл Сақтанушының еркінен тыс себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алмайды.
 17. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:
 - 1) соғыс қимылдарының, азамат соғысының, кез келген түрдегі халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің;
 - 2) табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
 18. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша бас тартуға құқылы емес.

6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны

19. Сақтандыру шарты Заңға сәйкес жәбірленуші деп танылған тұлғаларға қатысты қолданылады.
20. Жауапкершілігі Ереженің 5-т. сәйкес міндетті экологиялық сақтандыруға жататын Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қызметі үшінші тұлғаға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі ретінде сақтандырылған жағдайда, міндетті экологиялық сақтандыру шарты қоршаған ортаға зиян келтірілгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бөлігінде ғана жасалады.
21. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті экологиялық сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
22. Сақтандыру шарты күшіне енген күнінен бастап кемінде он екі ай қолданылады.
23. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

7. Шарттың бекітілу тәртібі

24. Міндетті экологиялық сақтандыру Сақтандырушы мен Сақтанушының арасында өміріне, денсаулығы мен мүлкіне зиян келтірілуі мүмкін үшінші тұлғалардың және (немесе) зиян келтірілуі мүмкін қоршаған ортаның пайдасына Заң мен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жасалатын Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

25. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаспай жүзеге асыруға құқылы емес.
26. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын объектінің иесі біреуден көп болған кезде, Сақтандыру шарты объектінің барлық иелерін сақтандырылушылар ретінде сақтандыру полисінде міндетті түрде көрсете отырып, олардың кез келген біреуімен жасалады.
27. Сақтандыру шартында моральдық зиянды, қолдан шығарып алған пайданы өтеу мен тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, Сақтанушы шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асырған кезде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
28. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс.
29. Сақтанушы сақтандырушыны таңдауда еркін.
30. Сақтандырушы сақтанушыға міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.
31. Сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
32. Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.
33. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағаны үшін жауапкершілікті Сақтандырушы өз мойнына алады.
34. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
35. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не Сақтандырушының интернет-ресурсы пайдаланыла отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
36. Сақтандыру полисі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында тізбелеп көрсетілген талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерін қамтуға тиіс.
37. Міндетті экологиялық сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен оны ресімдеу жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
38. Егер сақтандыру міндеті жүктелген тұлға оны жүзеге асырмаса немесе сақтандырылған адамның жағдайын Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын жағдайларда міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасаса, бұл тұлға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылған адамның алдында тиісті сақтандыру кезінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылуының тиіс шарттарында жауапты болады.
39. Шарт Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен электрондық нысанда жасалған жағдайда, Сақтандырушының Интернет-ресурсы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін пайдаланылады.

Міндетті экологиялық сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану талап етілмейді.

Міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

40. Сақтанушы (пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

41. Міндетті экологиялық сақтандыру шартын Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет:

1) Сақтанушыға шартты жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде дереу жіберу;

2) Сақтанушының шарт бойынша ақпаратты ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы тексеру мүмкіндігі;

3) Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, Шартты электрондық нысанда сақтау;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) Сақтандырушының ақпаратты электрондық нысанда (өтініштерді, хабарламаларды және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) төмендегі мақсаттарда жасау және жіберу мүмкіндігі: мәліметтерді өзгерту, Шартты қайта ресімдеу;

міндетті экологиялық сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау;

келтірілген зиянның мөлшерін анықтау;

сақтандыру төлемін алу.

Шарт жасасу туралы хабарлама деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.

Шарт жасасу туралы хабарлау тәртібі және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

42. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасалған кезде, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтандырушы ұсынған талаптарда Шарт жасалған болып есептеледі.

43. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасасқан кезде Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген сақтандырудың үлгі шарттарымен не осы Ережелермен танысқаннан кейін, сол арқылы өзіне ұсынылған талаптарда шарт жасасуға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу жағдайында бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

44. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын тәулік бойы жасасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

45. Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып,

міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 46.** Сақтанушының құқықтары:
- 1) Сақтандырушыдан Сақтандыру шарты бойынша міндетті экологиялық сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;
 - 2) сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның көшірмесін алу;
 - 3) қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тарту;
 - 4) Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;
 - 5) Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 6) Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Ереженің 72-74 тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
 - 7) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;
 - 8) Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу.
- Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.
- 47.** Сақтанушының міндеттері:
- 1) сақтандыру сыйақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеу;
 - 2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлау;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету.
- Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.
- 48.** Сақтандырушының құқықтары:
- 1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Заңға сәйкес Сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде міндетті экологиялық сақтандырудың бұрынғы шарттары, сақтандыру жағдайлары мен сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты табыс етуді талап ету;
 - 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушіге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;
 - 3) Сақтанушыдан қоршаған ортаның ластану тәуекелін бағалау үшін қажетті, болған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері мен салдарлары туралы толық және дұрыс ақпарат алу;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу себептері мен өзге де мән-жайларын белгілеу үшін қоршаған ортаға келтірілген зиянды, Жәбірленушінің (Пайда алушының) бүлінген (жойылған) мүлкін бағалауды жүргізу;
 - 5) қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның

мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы тарту;

6) қоршаған ортаның сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі және одан кейінгі жай-күйіне және Сақтанушы жүзеге асыратын шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне өз зерттеулерін жүргізу;

7) Заңда көзделген жағдайларда зиян келтірілгені үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қою;

8) Сақтандыру ережелерінің 5-бөлімінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемдерін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа де құқықтары көзделуі мүмкін.

49. Сақтандырушының міндеттері:

1) Сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру талаптарымен, оның ішінде Сақтандыру шартынан туындайтын құқықтармен және міндеттермен таныстыру;

2) табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беру;

3) міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушыға сақтандыру полисін беру;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алған кезде оны дереу тіркеу;

5) қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның мөлшеріне Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып, сақтандыру актісін жасауға және оны жәбірленушіге (Пайда алушыға) танысу үшін беру;

6) сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;

7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлау;

8) Сақтанушыға оның сақтандыру жағдайы кезінде зиянды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеу;

9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

10) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда осындай шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Сақтанушыға бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін жіберу;

11) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының (жәбірленушінің, Пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беру;

12) Сақтанушыдан (жәбірленушіден, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті.

Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа де құқықтары көзделуі мүмкін.

50. Жәбірленушінің құқықтары:

- 1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарлау;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтандырушыға табыс ету;
- 3) келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тарту;
- 4) келтірілген зиянның мөлшеріне Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;
- 5) Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу;
- 6) Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Ереженің 72-74-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
- 7) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;
- 8) келтірілген зиянды алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асатын келтірілген зиян сомасы мөлшерінде өтеу туралы Сақтандырушыға талап қою.

51. Жәбірленушінің Ереженің 50-тармағында белгіленген құқықтары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Пайда алушылар ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға ауысады.

9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері

52. Сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушы келесі әрекеттерді орындауға міндеттенеді:

- 1) Сақтандыру жағдайы туралы белгілі болғанда, дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыға хабарлау;
- 2) қоршаған ортаның апаттық ластануы жағдайында ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін орын алған жағдайларда қылға сыйымды және қолжетімді шараларды, соның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккендерге көмектесу шараларын қабылдау;
- 3) тиісті органдарға олардың құзыреттеріне сүйене отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер) қоршаған ортаның апаттық ластануы туралы және зардап шеккен тұлғалар туралы хабарлау.

10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі

53. Сақтандыру төлемі туралы Сақтандырушыға талаптарды Сақтанушы немесе жәбірленуші (Пайда алушы) сақтандыру төлемін жасауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса беріп жазбаша нысанда ұсынады. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде қоса беріле отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш

- берушіні сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушының орналасқан жері бойынша ұсынадан босатпайды.
- 54.** Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:
- 1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен құрылатын құзыретті комиссияның келтірілген зиянның себептері, ауқымы және қоршаған ортаның апаттық ластануына әкеп соққан сақтандыру жағдайының зардаптары туралы актісі;
 - 2) жәбірленушіге денсаулық сақтау ұйымдары берген еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі туралы анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелердің мүгедектікті белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;
 - 3) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі және Пайда алушының зиянды өтеткізу құқығын растайтын құжат (көшірмесі) - жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;
 - 4) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі және Пайда алушының зиянды өтеткізу құқығын растайтын құжат (көшірмесі) - жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;
 - 5) жекелеген жағдайларда - өтелуге жататын зиянның мөлшерін көрсете отырып, Сақтанушыны сақтандыру жағдайының басталуына және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянға жауапты деп таныған сот шешімі.
- 55.** Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

- 56.** Жәбірленуші, сонымен қатар Сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде Сақтанушы немесе жәбірленушіге келтірілген зиянды (залалды өтеткізуге құқығы бар тұлға) өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.
- 57.** Сақтандыру төлемі қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) қоршаған ортаға келтірілген зиянның (нақты залалдың) мөлшерінен аспауға тиіс.
- 58.** Сақтандырушы жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемін оған әлеуметтік қамсыздандыру бойынша, басқа да сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаларға қарамастан жүзеге асырады.
- 59.** Сақтандыру төлемі жәбірленушінің жазбаша өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша қоршаған ортаның апаттық ластануы нәтижесінде денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянды өтеу жөнінде оған қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей төленуі мүмкін.
- 60.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.
- 61.** Бұрын сақтандыру төлемін алған жәбірленушінің денсаулық жағдайы нашарлай бастаған (мүгедектігі не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы жәбірленушіден (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініш пен тиісті құжаттардың негізінде сақтандыру төлемін қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Бұл ретте бұрын төленген сомалар есепке алынады.

12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері

62. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушы өтеуге тиіс зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті.

13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері

63. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Сақтандыру ережелерінің 10-бөлімінде көзделген құжаттарды өзі алған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізеді.
64. Пайда алушы сақтандыру төлемінің мөлшеріне дау айтқан жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін аталған тұлғалардың бірде-бірі дау айтпаған бөлігінде Сақтандыру ережелерінің 63-тармағында белгіленген мерзім ішінде дереу жүзеге асыруға міндетті.
65. Сақтандыру төлемінің дау туғызған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде не, егер сот шешімнің дереу орындалуын ұйғармаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.
66. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде Сақтандырушы жәбірленушіге (Пайда алушыға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
67. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы талап қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесі келтірілген сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары

68. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:
- 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 2) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған болса;
 - 3) Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.
69. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
70. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде қайтарып алуға құқығы бар:


| № р/с | Міндетті экологиялық сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзім | Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының пайызы есебімен) |
|----------|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | 1-айға дейін қоса алғанда | 20 |
| 2. | 1-айдан 2-айға дейін қоса алғанда | 30 |
| 3. | 2-айдан 3-айға дейін қоса алғанда | 40 |
| 4. | 3-айдан 4-айға дейін қоса алғанда | 50 |
| 5. | 4-айдан 5-айға дейін қоса алғанда | 60 |
| 6. | 5-айдан 6-айға дейін қоса алғанда | 70 |
| 7. | 6-айдан 7-айға дейін қоса алғанда | 75 |
| 8. | 7-айдан 8-айға дейін қоса алғанда | 80 |
| 9. | 8-айдан 9-айға дейін қоса алғанда | 85 |
| 10. | 9-айдан 10-айға дейін қоса алғанда | 90 |
| 11. | 10-айдан 11-айға дейін қоса алғанда | 95 |
| 12. | 11-айдан жоғары | 100 |

15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері

71. Міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.
72. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (жәбірленуші, Пайда алушы):
талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге, не
Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.
73. Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған сәттен бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап беруі тиіс.
74. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, Пайда алушының, сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды бойынша сұранысты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

16. Қосымша шарттар

75. Ережеде айтылмаған барлық мәселелер тараптар жасасқан шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
76. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер нәтижесінде Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, онда олардың күші жойылады және ережеге өзгерістер мен толықтырулар

| | | | |
|---|---|---|--------------|
|  | Міндетті экологиялық сақтандыру ережелері | 20.12.2018ж «4» Баспа Алдыңғы баспа 13.08.2018ж. «3». | беті 15 / 15 |
|---|---|---|--------------|

енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Бұл ретте Ереженің жекелеген тармақтарының күшін жоғалтуы жалпы ережелердің жоғалуына немесе жарамдылығына әкеп соқпайды.

Акционерное общество «Страховая компания «Аманат»

**Утверждены
Решением Совета директоров
Протокол от 20.12.2018 г.**



Правила обязательного экологического страхования

г. Алматы, 2018 г.

Оглавление

| | |
|---|----|
| 1. Общие положения | 3 |
| 2. Перечень объектов страхования | 4 |
| 3. Порядок определения страховых сумм. Страховая премия | 4 |
| 4. Перечень страховых случаев | 5 |
| 5. Исключение из страховых случаев и ограничение страхования | 5 |
| 6. Срок и место действия договора страхования | 6 |
| 7. Порядок заключения договора страхования | 7 |
| 8. Права и обязанности сторон | 9 |
| 9. Действия страхователя при наступлении страхового случая | 11 |
| 10. Перечень документов, подтверждающих наступление страхового случая и размер убытков | 12 |
| 11. Порядок и условия осуществления страховых выплат | 13 |
| 12. Срок уведомления страхователя или застрахованного о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты | 13 |
| 13. Срок принятия решения о страховой выплате или отказе в страховой выплате ... | 13 |
| 14. Условия прекращения договора страхования | 14 |
| 15. Порядок разрешения споров, в том числе особенности урегулирования споров по обязательному страхованию | 14 |
| 16. Дополнительные условия | 15 |

1. Общие положения

1. Настоящие Правила обязательного экологического страхования (далее - Правила) разработаны в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об обязательном экологическом страховании» (далее – Закон).
2. В соответствии с настоящими Правилами, Акционерное общество «Страховая компания «Amanat» (далее - Страховщик), заключает договоры обязательного экологического страхования с физическими и (или) юридическими лицами, осуществляющими экологически опасные виды хозяйственной и иной деятельности
3. Основные понятия, используемые в настоящих Правилах:
 - 1) потерпевший - лицо, жизни, здоровью и (или) имуществу которого причинен вред в результате аварийного загрязнения окружающей среды;
 - 2) аварийное загрязнение окружающей среды - внезапное непреднамеренное загрязнение окружающей среды, вызванное аварией, происшедшей при осуществлении экологически опасных видов хозяйственной и иной деятельности физических и (или) юридических лиц, и являющее собой выброс в атмосферу и (или) сброс вредных веществ в воду или рассредоточение твердых, жидких или газообразных загрязняющих веществ на участке земной поверхности, в недрах, или образование запахов, шумов, вибрации, радиации, или электромагнитное, температурное, световое или иное физическое, химическое, биологическое вредное воздействие, превышающее для данного времени допустимый уровень;
